



# Тұқым шаруашылығын дамытуға субсидиялар алу тәртібі

## СУБСИДИЯ АЛУШЫЛАР:

- Элиталық тұқым өсіру шаруашылығы
- Тұқым өсіру шаруашылығы
- Өткізушілер
- АШТӨ
- Ауыл шаруашылығы кооперативтері

**Қызмет көрсету мерзімі:**  
**өтінім берген кезде – 3 жұмыс күні**  
**өтпелі өтінімді беру кезінде - күнтізбелік 15 күн**


## Субсидияларды алу шарттары



**✓** **Өтінімді (өтпелі өтінімді) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне тіркеу**



**✓** **Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне «Заңды тұлғалар» немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы**



**✓** **Сатып алған тұқымдарға жұмсаған шығындарының расталуы**

- СМАЖ және ЭШФ АЖ арқылы
- Шетелдік тұқым өндірушіден тікелей сатып алған жағдайда (ЭШФ АЖ қолданбайтын):
- Егер тұқым ЕАЭО-ға кірмейтін елдерден әкелінсе - кедендік декларация арқылы растау.
- Егер тұқым ЕАЭО елдерінен әкелінген болса - салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш арқылы растау
- **Тұқымдарды қайта өңдеу кәсіпорны арқылы сатып алған жағдайда:** Шығындарды өңдеуші кәсіпорны растайды. Шарт көшірмесімен өтінім берген АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативі) субсидия алушы болып табылады.



**✓** **Мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінің жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы**

- Жылыжай кешендері үшін жер учаскелері жер пайдалану және/немесе жеке меншік құқығындағы ауыл шаруашылығы немесе өзге де мақсаттағы болуы мүмкін.
- Бірлескен қызмет кезінде жерді иелену шарты жер учаскелері бар шартқа қатысушыға қолданылады. Субсидияны шарттың көшірмесімен бірге өтінім берген АШТӨ алады.
- Ауыл шаруашылығы кооперативі субсидияларға өтінім береді:
- Егер тұқымды кооператив мүшелері сатып алса, субсидияны олар алады.
- Егер тұқымды кооператив сатып алса, субсидияны ауыл шаруашылығы кооперативі алады. Мүшелік жалпы жиналыстың шешімінен үзінді көшірме арқылы расталады.
- Бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы шаруа (фермер) қожалығы тұқым сатып алу кезінде субсидияларға өтінім береді. Субсидияны шаруашылық алады, ал мүшелікті ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері растайды.



**✓** **Жылыжай шаруашылықтары үшін - тиісті алаңы бар өнеркәсіптік немесе фермерлік жылыжайдың болуы (Мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесі және жылжымайтын мүлік кадастры жүйесі арқылы расталады)**



**✓** **Соңғы екі жылдағы (ағымдағы және алдыңғы жылдар) ауыспалы егістер туралы мәліметтердің болуы**

**Субсидиялар нақты келтірілген шығындарды ішінара өтеуге беріледі:**

**70%**

- элиттұқымшарлар аудандастырылған және перспективалы сорттардың бірегей тұқымдарын сатып алғаны үшін;
- элиталық тұқым сатып алғаны үшін тұқымшарлар мен АШТӨ-ге (ауыл шаруашылығы кооперативтеріне).

**50%**

- АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативтеріне) бірінші көбейтілген мақта тұқымын және/немесе екінші көбейтілген мақта тұқымын сатып алғаны үшін;
- бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алғаны үшін АШТӨ-ге (ауыл шаруашылығы кооперативтеріне);
- Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін көп жылдық екпелер отырғызуға сатып алғаны және пайдаланғаны үшін АШТӨ (ауыл шаруашылығы кооперативтеріне).



Қызанақ пен қияр бірінші ұрпағының элиталық тұқымдары мен будандарының тұқымдарына субсидиялар оларды өнеркәсіптік және фермерлік жылыжайларда өсіретін АШТӨ-ге (ауыл шаруашылығы кооперативтеріне) ғана беріледі.



**Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерін) қабылдау жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады - ағымдағы жылы және өткен жылдың 4-тоқсанында сатып алынған тұқымдар үшін тиісті жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін.**

*Қызанақ және қияр тұқымдары қорғалған топырақта 2-ден аспайтын дақыл айналымын пайдалану үшін субсидияланады:*

*1-айналым - 1 қаңтардан 15 маусымға дейін;*

*2-айналым - ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 30 қарашасына дейін (қысқы-көктемгі және күзгі-қысқы кезеңдер).*

**Субсидия алу тәртібінің толық мәтінін алу үшін QR-кодты сканерлеңіз.**